

ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІ ТҮСІНУ ДЕҢГЕЙІ

Youth's level of understanding of foreign words

Қоғамдық өзгерістерге қарай тілдік құрамның баюы шеттілдік сөздердің қолданысқа түсуінен көрінеді. Қазіргі таңда қазақ баспасөз беттерінде шеттілдік сөздер әр саладан көптеп еніп жатыр. Шеттілдік сөздердің тілді тұтынушылар арасында мағынасының игерілуі, игерілмеу үрдісі, әсіресе баспасөз беттеріндегі шеттілдік сөздердің кең қолданылуы және олардың ұғымы жайында лингвистикалық талдау жасау өзекті мәселе. Күнделікті қолданыста және бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапқан сөздердің алуан түрлілігіне байланысты жұмыста шеттілдік сөздер тақырыпқа сай түрлі лексикалық қабаттарға топтастырылды: *Саяси лексика; Экономикалық лексика; Жалпыхалықтық лексика; Техникалық лексика; Қоғамдық-құқықтық лексика; Абстракттілі лексика; Мамандық атаулары бойынша лексика.*

Жиналған тілдік деректерге қарай, саяси және экономикалық тақырыптардағы шеттілдік сөздердің көптігі байқалды.

Жұмысты жазу барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің шеттілдік сөздердің мағынасын қалай түсінетіндігін анықтау үшін эксперименттік талдау мақсатында жазбаша түрде сауалнама жүргізілді. Сауалнама мақсаты – қазіргі қазақ тілінде күнделікті қолданылатын кірме сөздердің қолданысы мен мағынасын түсіну деңгейін анықтау.

Сауалнамаға соңғы жылдары енген: *брифинг, инвестор, дефолт, дайджест, флешмоб, бестселлер, вестерн, мидтерм* т.б. шеттілдік 30 сөз алынды. Қазіргі жастардың ағылшын тілін білу бағытындағы ізденістердің ішінен *айфон, уатсапп, фэйсбук, смартфон, мэйк-ап, репост, провост, прайм-тайм, портал, сигвей, скайп, стартап* секілді сөздерді кездестіруге болады.

Сауалнама жұмыстың алғашқы мақсаты мен міндетіне қарай 18-25 жас аралығындағы әлеуметтік топқа ғана жүргізілді.

Сауалнама бойынша төмендегідей нәтижелер алынды:

- 1) 5000 нұсқалы жауаптың ішінде студенттердің 48 %-ы шеттілдік сөздің толық мағынасын ашып, бұл сөздерді білетінін дәлелдегендер. Демек, 52%-білмейтіндер: 15%-ы толыққанды мағынасын ашып жазбаған, 20%-ы сөз мағынасын мүлде басқалай түсінеді, 17%-ы сөз мағынасын мүлде білмейтіндер, жауап жазбағандар;
- 2) Эксперименттің нәтижелері шеттілдік сөздің мағынасы индивидтің ойлауындағы мағынамен үнемі сәйкес келе бермейтінін дәлелдеді. Өйткені 18-25 жас шамасындағы әлеуметтік топтың көпшілігі сөз мағынасын тек статикалық тұрғыда түпкі семасына ғана сүйеніп шала түсіндіреді.
- 3) Студенттер бұқаралық ақпарат құралдарын оқуға дағдыланбаған. Субъектінің сөз мағынасын түсіну-түсінбеу деңгейі ажыратылып, индивидтің сөз семантикасын ұғыну дәрежесі анықталды. Студенттердің сөз мағынасын жазудағы дұрыс және бұрыс нұсқалар дараланып, қай нұсқаның басым екендігі сараланды.